

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Түркістан облысы

Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі
“Көкібел” жалпы орта білім беретін мектебі”
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




03-09

Ата –аналар жиналысының
хаттамалары



Көкібел ауылы
2022-2023 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКА КАЗАКСТАН
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА «КОКИБЕЛ» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КАЗЫГҰРТСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
№ 332

Көкібел елді мекені

« 31 » 08 2022 жыл

«Ата-аналар» жұмыстарын жүргізу туралы

Тәрбиенің 8-бағытын негізге ала отырып, ата-аналарды мектеп өміріне тарту, бірлесіп жұмыс жасауға жұмылдыру, бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктерін арттыру, ата-аналардың бала тәрбелеуде сауаттын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепішілік белсенді ата-аналарды тарту арқылы «Әкелер», «Аналар» кеңестерін, «Ата-аналар университеті» құрылып, құрамы бекітілсін (қосымша-1);
2. 5-11 сынып белсенді ата-аналарынан құрылған «Ата-аналар университетінің» жұмыс жоспарын жасау және жұмыс жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Ахаевқа міндеттелсін.
3. «Ата-аналар университетінің» құжаттарын жинақтау сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жетекшісі З.Төлепбергеноваға міндеттелсін;
4. «Әкелер», «Аналар» кеңестерінің жұмыстарын үйлестіру, жалпы ата-аналармен жұмыс жүргізуді, бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Ахаевқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Ж.Куздеубаев



31 күні 28 айы 2022 жылы
Мектеп директоры: Күзібай Ж.Куздеубаев.

«Көкібел» жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының ата-аналармен жүргізілетін іс-шара жоспары

Мақсаты: Баланы қорғау-сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру

Қ/с	Атқарылатын іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-аналар кеңесінің отырысы: - Ата-аналар комитетінің торағасын тағайындау; - Жаңа оқу жылында өтілетін іс шара жоспарымен таныстыру; - Өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру	Қыркүйек	Ахаев Қ. Ата-аналар комитетінің төрағасы.
2	Ашық әңгіме: «жастар жарқын өмірді тандайды, ол үшін біз не істеуіміз керек?»	Қараша	8-11 сынып жетекшілері
3	Ата-аналармен кездесу: - Ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету; «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»; «Оқушының бос уақыты». Сауалнама толтыру.	Қазан Сәуір	Сүлейменов Н.
4	Отбасылық кеңес: «Сұрақ жауап»	ақпан	Ахаев Қ.
5	Дөңгелек үстел: «Дені сау, тухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі»	Қаңтар	Ахаев Қ.
6	Пікір сайыс «Балаларымыздың жасырын әлемі»	Желтоқсан	Сүлейменов Н
7	КТІЖБ инспекторымен кездесу	Қараша	Сынып жетекшілері
8	Құқықтық оқыту: - ҚР «Неке және отбасы» туралы Заңы; - ҚР «Бала құқығы» туралы Заңы; - ҚР «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы; - ҚР «Тіл туралы» Заңы	әр тоқсан сайын	Ахаев Қ; Лесбай М.
9	Сайыс: «Өнегелі отбасы»	Наурыз	Нәлібаев Ә.
10	Ата-аналар кеңесінің отырысы: - Жылдық есеп - Жаңа оқу жылын жоспарлау	Мамыр	Ахаев Қ.

Мектеп директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары:  Ахаев Қ.



Бекітемін:

31 күні 04 айы 2022 жылы

Мектеп директоры:

Ж.Куздеубаев

“Көкібел” жалпы орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022-2023 оқу жылының ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мерзімдер	Ата -аналарды педагогикалық ағарту жұмыстары	Отбасымен жүргізілген жеке дара жұмыс
Қыркүйек	№1. Ата –аналар жиналысы. «Отбасы және тәрбие бастауы» Ата –аналарға сауалнама жүргізу Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау	Баяндама оқу сауалнама
Қазан	Ата –аналармен жеке пікірлесу Күнделік кз туралы ақпараттандыру	Сұхбат
Қараша	1 тоқсан қорытындысы Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат Психологиялық кеңес	Баяндама , алғыс хаттар
Желтоқсан	№2. Ата-аналар жиналысы Жарты жылдық қорытынды	Кеңес беру
Қаңтар	Ата-аналармен жеке пікірлесу Сауалнама алу «Сіз қандай ата-анасыз? Білім сапасын қалай көтеруге болады?	Пікірлесу. Сұрақ-жауап алу
Ақпан	Коучинг «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың хас жауы» Сауалнама «Ата –ана болам десеніз»	Талқылау, сауалнама алу
Наурыз	№3. Ата-аналар жиналысы Дөңгелек үстел «Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту	Дебат
Сәуір	Ата-аналармен жеке пікірлесу: мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары	Пікір алмасу
Мамыр	№4 Ата-аналар жиналысы. Қорытынды ақпарат Алғыс хаттар	Мадақтамалар

Дайындаған:  К.Ахаев

02.09.2022 ж.

Көкібел а.

Қатысқандар – 34.

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау.
2. Жаңа оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспарымен және қойылған мақсат, міндеттермен таныстыру.
3. Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау.
4. Ағымдағы мәселелер.

Алғашқы болып сөз алған мектеп директоры Ж.Куздеубаев ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, бүлдіршіндерге құтты қадам, ақ жол тіледі. Содан кейін бірінші мәселе бойынша ата-аналармен келісе отырып, бірауыздан ата-аналар комитетін сайлады. Жаңа оқу жылының ата-аналар комитетінің төрағасы болып Қондыбай Нәлібаев мырза сайланды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспарымен таныстырылды. Атқаратын іс-шаралар мақсатында, ондағы сынып жетекшінің, ата-ананың және білім алушылардың міндеттеріне толықтай тоқталып өтті. Сонымен қатар әрбір ата-ана өз балаларын педагог ұйымдастырылған білімді меңгеруге, біліктілік пен дағдыларды игеруге және алған білім мен тәрбиені тәжірибеде қолдануға, камтамасыз етулерін түсіндіріп өтті. Сонымен қатар білім алушылардың мектепке автокөлікпен келуге, адам өміріне қауіп төндіретін кескіш, жарылғыш заттарды алып келуіне тыйым салынатынын айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» бекітілгендігін ескертіп айтты. «Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіліп, күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді», - делінген құжатта.

Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

«Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды», - делінген хабарламада айтылды.

Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады.

Сондай-ақ, жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын орта білім беру ұйымы мен қоғамдық кеңес айқындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі деді.

Сөзге шыққан мектебіміздің ата-аналар комитетінің төрағасы Қ.Нәлібаев қазіргі таңдағы оқушылардың мектеп формасын яғни қыз балалар көк юбка мен жилет, ұл балдар көк шалбар мен жилет оқушының жүріп-тұрысына, сабаққа ыңғайлы екенін, әрі бағасы қолжетімді екенін алға тартты.

Жиналыс соңында сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев ата-аналардан балаларын сабақтан себепсіз көп қалдырмауын, кешкі уақыттарда балаларын қадағалауын, мереке күндері кешкі отырыстарға жібермеуін ескертіп өтті.

Ағымдағы мәселелер бойынша қойылған талаптарға сай ата- ана мен сынып жетекшісі арасындағы келісім шарт оқу жылы бойынша өз күшінде болады деп табылсын.

Қабылданған ұсыныс:

1. Ата- аналар комитетінің төрағасы болып- Нәлібаев Қондыбай аға сайлансын.
2. Жылдық жұмыс жоспарындағы атқарылатын іс- шаралардың жүзеге асырылуы міндеті сынып жетекшісі мен ата- аналарға бірдей жүктелсін. Оқушылардың мектеп формасы қыз балалар көк юбка мен жилет, ұл балалар көк шалбар мен жилет болып қабылдансын.
1. Бекітілген мектеп формасы мектептің ішкі тәртіп ережесіне енгізілсін.
2. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс жолға қойылсын, үнемі тығыз байланыста жұмыстар алып барылсын.

Мектеп директоры:



[Signature]

Ж.Куздеубаев

Хатшы:

[Signature]

К.Есназарова.

«Көкібел» жалпы орта мектебінде 2022 жылдың 09 қыркүйек күні «Құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу» мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналар жиналысына ауыл билерін, ауыл әкімшілігі қызметкерлері, ардагер ұстаздармен учаскелік инспектордың қатысуымен өтілген жиналыстың

Хаттамасы № 4

Көкібел елді мекені.

09.09.2022 жыл

Қатысқаны: 9-11 сыныптар бойынша 33

Мұғалімдер мен ата-аналар: 11

Күн тәртібінде:

1. Тәрбие жұмыстары бойынша 1-жарты жылдық есебі баяндамашы Ахаев. Қ.
2. «Полиция және мектеп» акциясына байланысты іс шара баяндамашы П.Иманова
3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы аясында 37 баптың 2,3-ші тармақтары негізінде баяндамашы Қ. Егембердиев.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қ.Ахаев баяндама жасады мектебіміздің жыл бойында атқарылған жұмыстар жеткен жетістіктері бойынша айтып өтті және мектепшілік есепте тұратын оқушылар жөнінде ата-аналардың пікіріне көңіл бөліп алдағы уақытта келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шараларын жасап өткізіп тұратындығы жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша П.Иманова төмендегіше баяндама жасады «Полиция және мектеп» атты тақырыпта ата-аналармен және жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып мектепшілік отырыс болып өткендігі жөнінде хабарлама жасады. Жергілікті полиция қызметкерімен және ата-аналар комитетінің төрағаларымен бірлесе отырып адамдар көп шоғырланатын кафе, дискотека, биллиардзалдарына, мейрамханаларға рейдтер ұйымдастырылғандығы жөнінде және оқушы балаларын кешкі сағат 8⁰⁰ ден бастап түнгі сағат 12⁰⁰ ге дейін балаларын сыртқа шығармау ескертулер жасады. Егерде түнгі уақытта ұсталған оқушының ата-анасына әкімшілік тарапынан айып пұл төлейтіндігі жөнінде қатаң ескерту жасады.

Жоғарыдағы үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Қ.Нәлібаев ағамыз осы айтылған сөздерге түгелдей қосылатындығы жөнінде айтты. Мектепте әкелер кеңесін құрып ата-аналар тарапынан жергілікті полиция қызметкеріне ата-аналардан бес адам көмекші ретінде қосып, қылмыс қайдан шығады егер ата-ана өз балаларына ие болмаса және өз баласына дұрыс тәлім тәрбие бере алмаса міне қылмыс осыдан шығады деп сөзін аяқтап, мұғалімдермен бірлесе отырып

К.Есназарова.

«Көкібел» жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 20 қаңтар күні «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен қараусыздықтың алдын алу» мақсатында «Балалар қылмысқа қарсы!» акция, «Қылмыс қайдан шығады?», «Қылмыс неден туындайды?», «Тәртіпке бас иген құл болмайды» және Жарқын болашаққа-ның сеніммен!» атты тақырыптарда ата-аналар мен ауыл әкімшілігі қызметкерлері, ардагер ұстаздар, учаскелік инспектордың қатысуымен өтілген жиналыстың

Хаттамасы

Көкібел елді мекені.

20.01.2023 жыл

Қатысқаны: 42

Мұғалімдер -16, ата-аналар: 28

Күн тәртібінде:

1. «Балалар қылмысқа қарсы!» атты акция бойынша баяндамашы Ахаев. Қ.
2. «Тәртіпке бас иген құл болмайды» атты іс шара баяндамашысы Н.Тәңірбергенов.
3. «Жарқын болашаққа-ның сеніммен!» баяндамашы Сүлейменов Н.
4. «Қылмыс қайдан шығады?» және «Қылмыс неден туындайды?» баяндамашы Куздеубаев Ж.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қ.Ахаев баяндама жасады мектебіміздің жыл бойында атқарылған жұмыстар жеткен жетістіктері бойынша айтып өтті және мектепшілік есепте тұратын оқушылар жөнінде ата-аналардың пікіріне көңіл бөліп алдағы уақытта келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шараларын жасап өткізіп тұратындығы жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Н.Тәңірбергенов төмендегіше баяндама жасады «Тәртіпке бас иген құл болмайды» атты тақырыпта ата-аналармен және жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып мектепшілік отырыс болып өткендігі жөнінде хабарлама жасады. Жергілікті полиция қызметкерімен және ата-аналар комитетінің төрағаларымен бірлесе отырып адамдар көп шоғырланатын кафе, дискотека, билиард залдарына, мейрамханаларға рейдтер ұйымдастырылғандығы жөнінде және оқушы балаларын кешкі сағат 8⁰⁰ ден бастап түнгі сағат 12⁰⁰ ге дейін балаларын сыртқа шығармау ескертулер жасады. Егерде түнгі уақытта ұсталған оқушының ата-анасына әкімшілік тарапынан айып пұл төлейтіндігі жөнінде қатаң ескерту жасады.

Қ.Нәлібаев ағамыз осы айтылған сөздерге түгелдей қосылатындығы жөнінде айтты. егер ата-ана өз балаларына ие болмаса және өз баласына дұрыс тәлім тәрбие бере алмаса міне қылмыс осыдан шығады деп сөзін аяқтап, мұғалімдермен бірлесе отырып балаларымызға дұрыс тәрбие және сапалы білім беруіне жәрдем жасауымыз керек деп сөзін аяқтады.

Жоғарыдағы төртінші мәселе бойынша жергілікті полиция қызметкері С. Қонысбаев құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында баяндама жасады. Әрбір ата-ана оқушылардың қай жерлерде яғни күнделікті сабақ уақытында қандай жұмыстармен айналысып жүргендігі жөнінде хабардар болып тұруын және бұл жөнінде әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрағалары мектептің мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың сабақта болуына хабардар болып отыру. Ата-аналар комитеттерінің мүшелерінен 5

адам және мұғалімдерден 12 адам кешкі уақыттарда кезекшіліктер ұйымдастырылып өткізіліп жатқандығы туралы айтты. Егер бір оқушы сабақтан себепсіз екі күн қалса онда менің шотыма іліп әкімшілік тарапынан оқушының ата-анасына айып пұл салатындығы жөнінде айтып өтті.

Жоғарыдағы бесінші мәселе бойынша мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Егембердиев Қылышбек баяндама жасады. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы аясында 37 баптың 2,3-ші тармақтары негізінде оқушылардың сабаққа катысуы жайлы және келеңсіз оқиғаларды болдырмау жайында ата-аналардың тарапынан көбірек көңіл бөлулеріне тоқталып өтті. Занда көрсетілгендей әрбір ата-ананың қараусыз қалған балалардың тәрбиесі кейбір жағдаяттарға жолықтырып жатқандығы жөнінде айтып өтті. Қазығұрт ауданы бойынша есепте тұратын балалардың барлығыда өздері барлық жағдайларды біліп тұрып осы келеңсіз оқиғаларға жолықандығы жөнінде және өзерінің осындай қылықтарды жібергендігі жөнінде өздерін кіналап бұдан былайғы уақыттарда сондай жаман қылықтардан өздерін аулақ ұстайтындығы жөнінде айтқандығын айтып өтті.

Қаулы етеді:

- Жоғарыдағы мәселелер орындаушыларының жұмыс жоспарлары мен атқарылған істері қанағаттанарлық деп көңілге қонымды деп танылсын.
- Ауыл учаскелік инспекторының мектепішілік құралған жас инспекторларымен кезекші мұғалімдер мен ата-аналардан қосылған қосымша кезекшілер күшейтіліп қойылсын.
- Осы жұмыстардың орындалуларына ата-аналар комитетінің төрағаларының орынбасары мен мектеп директорының тәрбие орынбасары тікелей басшылық жасасын.



Мектеп директоры:

Жиналыс ағасы:

Хатшысы:

Куздеубаев Ж.
Қ.Нәлібаев.
Есназарова К.

«Көкібел» жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 17 наурыз күні 18—26 наурыз аралығында балалар құқықтарын қорғау сіз бен біздің тікелей міндетіміз көктемгі демалыс күндеріне байланысты «Саған құқықтық көмек керекпе?» тақырыбындағы плакатты іліп оқушылар мен ата-аналар арасында түсінік жұмыстарын жүргізу деңгейлерін көтеру мақсатында өтілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Қатысқаны: 53

17.03.2023ж

Қонақтар: 18 мұғалім. 21 ата-аналар

КҮНТӘРТІБІНДЕ

1. Балалардың құқықтарын қорғау департаменті тарапынан дайындалған «Саған құқықтық көмек керекпе?» тақырыбында баяндама жауапты Егембердиев Қылышбек. (ата-аналардың қатысуымен)
2. «Балаларымызға қауіпсіз өмір сыйлайық!» тақырыбында түнгі рейдтік іс- шаралар барысында ойынханалар, түнгі клубтар, жасөспірімдер көп шоғырланатын орындарды тексеріп, қадағалаусыз жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау жауапты Құралов М., және мектеп инспекторы Тәңірбергенев Н
3. «Саған құқықтық көмек керекпе?» «Бала тәрбиесі баршаның ісі!» «Тәртіпке бас иген құл болмайды» ата-аналар кеңесінің төрағасы Макұлбаев Т.

ТЫҢДАЛДЫ

«Көкібел» жалпы орта мектебінің құқықтану пәнінің мұғалімі Егембердиев Қылышбек өз баяндамасында «Саған құқықтық көмек керекпе?» оқушылар мен ата-аналарға Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сенім телефоны -8 (7172) 74-25-28; Балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық сенім телефоны-150: ОҚО Балалардың құқықтарын қорғау департаменттің сенім телефоны: 8 (7252) 53-29-89. осы телефондар арқылы оздерінің неге құқылы және неге міндетті екендіктерін түсіндіріп өтті. Егерде кім де кімге құқықтық көмек керек болатын болса онда бірінші 31-5-38 телефонына шалып өзінің түсінбеушілік сұрақтарымен құқықтарын біле алады егерде мектептен қанағат қылмаған жағдайда мейлі ата-анасы болсын немесе оқушы болсын жоғарыдағы плакатта көрсетілген сенім телефондарымен хабарласып өз құқықтарын біле алады деп өз сөзін аяқтады. Жоғарыдағы екінші мәселе бойынша «Балаларымызға қауіпсіз өмір сыйлайық!» тақырыбында түнгі рейдтік іс- шаралар барысында ойынханалар, түнгі клубтар, жасөспірімдер көп шоғырланатын орындарды тексеріп, қадағалаусыз жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау мақсатында Құралов кездесуді мектеп директоры әкелер кеңесінің төрағасы Самен Уалихан ашып күн тәртібіндегі мәселемен және арнайы шақырылған қонақтармен таныстырды. Алғашқы кезекте сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Ахаев Қайымның баяндамасында құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында дүние жүзі зиялы қауымдар құқықтық мемлекет құрудың бастауында –Құқықтық мемлекеттің негізі құқықтық мәдениет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп деп атап өтті. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, біздің бас міндеттеріміздің бірі Қазақстандық отан сүйгіштікті адамның құқықтары мен бостандықтарын құрмет ететін азаматтың тәрбиелеу деп айтты. Екінші баяндамашы Тәңірбергенев Насреддин өз сөзінде мектепте «Құқық бұзушылық және ол үшін жауапкершілік» бойынша өтілген іс-шараларды және атқарылған жұмыстарды слайд түрінде көрсетті. Баяндамашыға ата-аналармен оқушылар өз түсініктері бойынша сұрақтар қойды, түсінікті жауаптарын алды. Қазығұрт ауданы ІІБ-нің ҚТЖІБ-нің аға полиция капитаны Рахметова Феруза бұл мәселенің өзектілігіне баса назар аударып отырып. 2012

жылы жасөспірімдер арасында аудан көлемінде 4 қылмыстық тіркелгендігін айтты. Кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстарды болдырмау және оның алдын алу мақмытында аудандық прокуратура аудандық ІІБ –мен біріге отырып, бірқатар іс-шаралар өткізгендігін атап өтті. Осы ретте әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 336 -бабы бойынша кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің кешкі уақытта тиым салынған орындарда, ойынханаларда жүрмеу керектігін ескертті. Осы Кодекстің 111-бабы бойынша балаға дұрыс тәлім-тәрбие бере алмай, мектепке тарта алмағаны үшін ата-ананың да жауапкершілігі бар екендігі ескерте отырып, жақында ғана мектеп ата-анасының сот залында жауапқа тартылған ата-аналарды атап көрсетті.

Келесі кезекте сөз алған Қазығұрт ауданы АББ-нің тәрбие әдіскері Пошахаева Раушан апай өз сөзінде ең басты мәселе «Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу» үшін оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып яғни кітапханадан әдеби кітаптырды алып оқуды , спорттық үйірмелерге қатыстыру керектігін айтты. Жарыс сөзге шыққан ауыл төбе биі Анарбек ақсақал құқық қорғау органдарымен бірлесіп мектеп басшыларымен келісім жасап рейіттер ұйымдастырып нәтижесін хабарлап отыруды айтты. Ата-аналар кеңесінің төрағасы Мақұлбаев Төлен ақсақал балалардың мектепте және мектептен тыс уақыттарда немен айналысып жүргендігі жайлы үнемі хабардар болып отыруын еске салып өтті. Егерде кімде кімнің баласы көше бойында қаңғыбастыққа салынып жүрген болса сол ата-анаға әкімшілік тарапынан айып пұл салуды ішкі істер қызметкерлеріне құлақдар етті. Төлен ақсақал жиналыста үлкен мәселе қаралғанын, осы тақырыпта баланың айтылған мәселені орындау керектігін айтып ауыл жастарының ынтымағын тек бірлікпен, татулықпен қол жеткізуге болатындығын дәлел ретінде келтіріп, осы мақсатта аудан әкімшілігі жанындағы ішкі саясаттың жастарымен атқарып жатқан ауқымды істеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар егерде бала бәрін біліп отырып, оны бұзса үлкен қателік екендігін атап көрсетті. Біздің мемлекетімізде білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеу -баршамыздың ортақ парызымыз деп ардагерлер кеңесінің төрағасы бүгінде ауыл әкімшіліктерін аралап аудан жастарын ұлттық тәлім-тәрбиеге шақырып жүргендігін атап көрсетті. Сөз соңында армандарың асқақ, келешекте Қазақстан Республикасының білімді ұрпақ болып жаксы оқуларына бата берді.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:

Ж.Куздеубаев.

К.Есназарова



«Көкібел» жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 20 қаңтар күні «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен қараусыздықтың алдын алу» мақсатында «Балалар қылмысқа қарсы!» акция, «Қылмыс қайдан шығады?», «Қылмыс неден туындайды?», «Тәртіпке бас иген құл болмайды» және Жарқын болашаққа-нық сеніммен!» атты тақырыптарда ата-аналар мен ауыл әкімшілігі қызметкерлері, ардагер ұстаздар, учаскелік инспектордың қатысуымен өтілген жиналыстың

Хаттамасы

Көкібел елді мекені.

20.01.2023 жыл

Қатысқаны: 42

Мұғалімдер -16, ата-аналар: 28

Күн тәртібінде:

1. «Балалар қылмысқа қарсы!» атты акция бойынша баяндамашы Ахаев. Қ.
2. «Тәртіпке бас иген құл болмайды» атты іс шара баяндамашысы Н.Тәңірбергенов.
3. «Жарқын болашаққа- нық сеніммен!» баяндамашы Сүлейменов Н.
4. «Қылмыс қайдан шығады?» және «Қылмыс неден туындайды?» баяндамашы Куздеубаев Ж.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қ.Ахаев баяндама жасады мектебіміздің жыл бойында атқарылған жұмыстар жеткен жетістіктері бойынша айтып өтті және де мектепшілік есепте тұратын оқушылар жөнінде ата-аналардың пікіріне көңіл бөліп алдағы уақытта келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шараларын жасап өткізіп тұратындығы жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Н.Тәңірбергенов төмендегіше баяндама жасады «Тәртіпке бас иген құл болмайды» атты тақырыпта ата-аналармен және жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып мектепшілік отырыс болып өткендігі жөнінде хабарлама жасады. Жергілікті полиция қызметкерімен және ата-аналар комитетінің төрағаларымен бірлесе отырып адамдар көп шоғырланатын кафе, дискотека, биллиард залдарына, мейрамханаларға рейдтер ұйымдастырылғандығы жөнінде және де оқушы балаларын кешкі сағат 8⁰⁰ ден бастап түнгі сағат 12⁰⁰ ге дейін балаларын сыртқа шығармау ескертулер жасады. Егерде түнгі уақытта ұсталған оқушының ата-анасына әкімшілік тарапынан айып пұл төлейтіндігі жөнінде қатаң ескерту жасады.

Қ.Нәлібаев ағамыз осы айтылған сөздерге түгелдей қосылатындығы жөнінде айтты. егер ата-ана өз балаларына ие болмаса және де өз баласына дұрыс тәлім тәрбие бере алмаса міне қылмыс осыдан шығады деп сөзін аяқтап, мұғалімдермен бірлесе отырып балаларымызға дұрыс тәрбие және сапалы білім беруіне жәрдем жасауымыз керек деп сөзін аяқтады.

Жоғарыдағы төртінші мәселе бойынша жергілікті полиция қызметкері С. Қонысбаев құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында баяндама жасады. Әрбір ата-ана оқушылардың қай жерлерде яғни күнделікті сабақ уақытында қандай жұмыстармен айналысып жүргендігі жөнінде хабардар болып тұруын және де бұл жөнінде әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрағалары мектептің мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың сабақта болуына хабардар болып отыру. Ата-аналар комитеттерінің мүшелерінен 5

адам және мұғалімдерден 12 адам кешкі уақыттарда кезекшіліктер ұйымдастырылып өткізіліп жатқандығы туралы айтты. Егер бір оқушы сабақтан себепсіз екі күн қалса онда менің шотыма іліп әкімшілік тарапынан оқушының ата-анасына айып пұл салатындығы жөнінде айтып өтті.

Жоғарыдағы бесінші мәселе бойынша мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Егембердиев Қылышбек баяндама жасады. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы аясында 37 баптың 2,3-ші тармақтары негізінде оқушылардың сабаққа қатысуы жайлы және келеңсіз оқиғаларды болдырмау жайында ата-аналардың тарапынан көбірек көңіл бөлулеріне тоқталып өтті. Занда көрсетілгендей әрбір ата-ананың қараусыз қалған балалардың тәрбиесі кейбір жағдаяттарға жолықтырып жатқандығы жөнінде айтып өтті. Қазығұрт ауданы бойынша есепте тұратын балалардың барлығыда өздері барлық жағдайларды біліп тұрып осы келеңсіз оқиғаларға жолыққандығы жөнінде және өздерінің осындай қылықтарды жібергендігі жөнінде өздерін кіналап бұдан былайғы уақыттарда сондай жаман қылықтардан өздерін аулақ ұстайтындығы жөнінде айтқандығын айтып өтті.

Қаулы етеді:

- Жоғарыдағы мәселелер орындаушыларының жұмыс жоспарлары мен атқарылған істері қанағаттанарлық деп көңілге қонымды деп танылсын.
- Ауыл учаскелік инспекторының мектепшілік құралған жас инспекторларымен кезекші мұғалімдер мен ата-аналардан қосылған қосымша кезекшілер күшейтіліп қойылсын.
- Осы жұмыстардың орындалуларына ата-аналар комитетінің төрағаларының орынбасары мен мектеп директорының тәрбие орынбасары тікелей басшылық жасасын.



Мектеп директоры:

Жиналыс ағасы:

Хатшысы:

Куздеубаев Ж.

Қ.Нәлібаев.

Есназарова К.



